

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне баланың құқықтарын қорғау, білім беру, ақпарат және ақпараттандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2022 жылғы 3 мамырдағы № 118-VII ҚРЗ.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз.

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне:

1) мазмұны алып тасталсын;

2) 122-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Егер кәмелетке толмаған адамға туысы, өгей әкесі (өгей шешесі) тұлғасында дереу қорғаншы немесе қамқоршы тағайындау қажет болса, ол баланы отбасына тәрбиелеуге қабылдаған кезден бастап күнтізбелік бір жыл ішінде психологиялық даярлықтан өткен жағдайда, қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдар психологиялық даярлықтан өткізбестен қорғаншылықты немесе қамқоршылықты белгілеуге құқылы. Қорғаншы немесе қамқоршы белгіленген мерзімде психологиялық даярлықтан өтпеген жағдайда, қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган қорғаншылықтың немесе қамқоршылықтың күшін жою туралы мәселеге бастамашылық жасайды."

2. "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Кодексіне:

12-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

"6-1) медициналық оңалту көрсетуді ұйымдастыру стандартына, медициналық көмек көрсету қағидаларына сәйкес оңалту қызметтерін көрсету мақсатында республикалық және облыстық маңызы бар қалаларда, астанада, сондай-ақ аудан орталықтарында, оның ішінде осы елді мекендердің денсаулық сақтау субъектілерінің қолданыстағы инфрақұрылым объектілерінде мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған медициналық оңалту орталықтарын (бөлімшелерін) құрады;"

3. "Тұрғын үй қатынастары туралы" 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

71-баптың 1-тармағының төртінші бөлігіндегі "алты ай" деген сөздер "үш ай" деген сөздермен ауыстырылсын.

4. "Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" 1999 жылғы 23 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

мынадай мазмұндағы 18-4-баппен толықтырылсын:

"18-4-бап. Интернет-ресурстардағы балаға қатысты кибербуллинг фактілерін қарау мәселелері бойынша өтініштер

1. Балаға қатысты кибербуллинг фактілері анықталған жағдайда, азамат не баланың заңды өкілі құқыққа қарсы әрекеттер орын алған интернет-ресурстың атауын көрсете отырып, балаға қатысты жасалып жатқан кибербуллинг фактілері туралы өтінішпен уәкілетті органға жазбаша түрде немесе электрондық құжат нысанында жүгінуге құқылы.

Жазбаша түрде немесе электрондық құжат нысанында берілген өтініштер қол қойылып жіберіледі және (немесе) электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылады.

Балаға қатысты кибербуллинг фактілері бойынша өтінішті сараптама тобы ол келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қарайды.

Сараптама тобын құру, сондай-ақ балаға қатысты кибербуллинг фактілері бойынша өтінішті қарау тәртібін уәкілетті орган айқындайды. Жауап мемлекеттік тілде немесе өтініш жасалған тілде ұсынылады.

Сұратылатын ақпарат бірнеше ақпарат иеленушінің құзыретіне кіретін және өтінішке жауап беру кезінде өзге ақпарат иеленушілерден ақпарат алу талап етілетін жағдайларда, уәкілетті орган қарау мерзімін күнтізбелік он бес күннен аспайтын мерзімге бір рет ұзартуы мүмкін, ал өтініш берушіге қарау мерзімі ұзартылған кезден бастап екі жұмыс күні ішінде хабарланады.

2. Егер өтініш мазмұнында балаға қатысты кибербуллинг фактілері жасалып жатқан интернет-ресурс көрсетілмесе, өтінішті қараудан бас тартылады.

3. Кибербуллинг фактілері бойынша азамат не баланың заңды өкілі өтінішіне жауап ұсынбағаны немесе уақтылы ұсынбағаны үшін уәкілетті органның лауазымды адамдары Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

4. Өтінішті қараудан бас тартуға азамат не баланың заңды өкілі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасай алады.

Ескертпе. Осы баптың мақсатында кибербуллинг деп интернет-ресурс пайдаланыла отырып балаға қатысты қорлау сипатындағы жүйелі (екі және одан көп) әрекеттер, баланы қудалау және (немесе) қорқыту, оның ішінде қандай да бір әрекетті жасауға немесе жасаудан бас тартуға мәжбүрлеуге бағытталған әрекеттер түсініледі."

5. "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы" 2002 жылғы 8 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-бап мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) баланы жәбірлеу (буллинг) – қорлау сипатындағы жүйелі (екі және одан көп) әрекеттер, қудалау және (немесе) қорқыту, оның ішінде қандай да бір әрекетті жасауға

немесе жасаудан бас тартуға мәжбүрлеуге бағытталған әрекеттер, сол сияқты жария түрде немесе бұқаралық ақпарат құралдары және (немесе) телекоммуникация желілері пайдаланыла отырып жасалған дәл сол әрекеттер (кибербуллинг);";

2) 10-баптың 2-тармағындағы "оны тәнін және (немесе) жанын жәбірлеуден, адамдық қадір-қасиетін қатыгездікпен, дөрекілікпен қорлаудан, кемсітуден," деген сөздер "оны физикалық және (немесе) психикалық күш көрсетуден, адамның қадір-қасиетіне қатыгездікпен, дөрекілікпен қараудан немесе оны қорлаудан, баланы жәбірлеуден (буллингтен)," деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 30-баптың 1-тармағының оныншы бөлігіндегі "ата-анасын немесе басқа заңды өкілдерін анықтау үшін" деген сөздер "ата-анасын немесе басқа да заңды өкілдерін анықтау және оларға беру үшін" деген сөздермен ауыстырылсын.

6. "Байланыс туралы" 2004 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 8-баптың 1-тармағының 6-9) тармақшасы алып тасталсын;

2) 41-1-бапта:

бүкіл мәтін бойынша "ақпарат саласындағы", "байланыс, ақпарат саласындағы", "байланыс және ақпарат саласындағы", "Ақпарат саласындағы" деген сөздер тиісінше "бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы", "байланыс, бұқаралық ақпарат құралдары салаларындағы", "байланыс, бұқаралық ақпарат құралдары салаларындағы", "Бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақ "қатысуға шақыруды қамтитын" деген сөздерден кейін ", балаға қатысты кибербуллинг мақсатында" деген сөздермен толықтырылсын;

1-1-тармақ:

"байланыс операторлары және (немесе)" деген сөздерден кейін "онлайн-платформалардың меншік иелері және (немесе) заңды өкілдері және (немесе)" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы уәкілетті орган телекоммуникациялар желілерінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтау мәселелері бойынша мемлекеттік органдардың өзара іс-қимыл жасау қағидаларын бекітеді.";

2-тармақ "байланыс операторларына" деген сөздерден кейін ", онлайн-платформалардың меншік иелеріне және (немесе) заңды өкілдеріне" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақта:

бірінші абзац "Байланыс операторлары" деген сөздерден кейін ", онлайн-платформалардың меншік иелері және (немесе) заңды өкілдері" деген сөздермен толықтырылсын;

1) тармақшадағы "ақпарат" деген сөз "егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, бұқаралық ақпарат құралдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақшадағы "Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарымен өзара іс-қимыл жасай отырып, қажет болған жағдайда, құқық қорғау органдарымен бірлесіп" деген сөздер алып тасталып, "адамды анықтайды" деген сөздер "адамды анықтауда Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарына және Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарына жәрдем көрсетеді" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақ "шақыруды қамтитын" деген сөздерден кейін ", балаға қатысты кибербуллинг мақсатында" деген сөздермен толықтырылсын;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Осы баптың 4-тармағында көрсетілген хабарламаны алғаннан және оның анықтығын тексергеннен кейін бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы уәкілетті орган байланыс операторларына және (немесе) онлайн-платформалардың меншік иелеріне және (немесе) заңды өкілдеріне және (немесе) мемлекеттік техникалық қызметке осы баптың 1-1 және 2-тармақтарында көрсетілген нұсқаманың күшін жою және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен интернет-ресурсқа қол жеткізуді қайта бастау туралы тапсырма береді.";

6-тармақтағы "және (немесе)", "орындауы тиіс" деген сөздер тиісінше "және (немесе) онлайн-платформалардың меншік иелері және (немесе) заңды өкілдері және (немесе)", "орындауға міндетті" деген сөздермен ауыстырылсын;

7-тармақ "байланыс операторлары" деген сөздерден кейін ", онлайн-платформалардың меншік иелері және (немесе) заңды өкілдері" деген сөздермен толықтырылсын.

7. "Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 11-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) ата-анасын немесе басқа да заңды өкілдерін анықтау және оларға беру үшін үш жастан он сегіз жасқа дейінгі қадағалаусыз және панасыз қалған;"

2) 14-1-баптың 3-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) ата-анасы немесе басқа да заңды өкілдері анықталғанда және оларға берілгенде;"

8. "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-бапта:

мынадай мазмұндағы 4-2) тармақшамен толықтырылсын:

"4-2) баланы жәбірлеу (буллинг) – қорлау сипатындағы жүйелі (екі және одан көп) әрекеттер, қудалау және (немесе) қорқыту, оның ішінде қандай да бір әрекетті жасауға немесе жасаудан бас тартуға мәжбүрлеуге бағытталған әрекеттер, сол сияқты жария түрде немесе бұқаралық ақпарат құралдары және (немесе) телекоммуникация желілері пайдаланыла отырып жасалған дәл сол әрекеттер (кибербуллинг);"

13-1) тармақшадағы "тапсырысты және жекеменшік білім беру ұйымдарында орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруды" деген сөздер "тапсырысты, жекеменшік білім беру ұйымдарында орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрлар даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруды және мемлекеттік атаулы стипендияларды қоспағанда, мемлекеттік стипендиялар төлеуді" деген сөздермен ауыстырылсын;

28-2) тармақшадағы "ата-анасын немесе басқа да заңды өкілдерін анықтау үшін" деген сөздер "ата-анасын немесе басқа да заңды өкілдерін анықтау және оларға беру үшін" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 48-4) тармақшамен толықтырылсын:

"48-4) онлайн-оқыту – білім алушы кеңістік және уақыт арақашықтығына қарамастан, педагог пен білім алушы арасында өзара әрекет болуға арналған ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және Интернет арқылы жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімді алатын кадрлар даярлаудың нақты бағыттары бойынша оқыту нысаны;"

2) 5-бапта:

бірінші бөлікте:

мынадай мазмұндағы 3-1), 4-2) және 4-3) тармақшалармен толықтырылсын:

"3-1) білім беру сапасына халықаралық салыстырмалы зерттеулердің жүргізілуін үйлестіруді және білім беруді дамытудың жай-күйі туралы жыл сайынғы ұлттық баяндама дайындауды, сондай-ақ "Ұлттық білім беру дерекқоры" ақпараттық жүйесін қалыптастыруды, қолдап отыруды, жүйелік-техникалық қызмет көрсетуді, интеграциялауды және оның ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуді жүзеге асыратын, мемлекет жүз пайыз қатысатын заңды тұлғаны айқындайды;"

"4-2) "Ұлттық білім беру дерекқоры" ақпараттық жүйесін қалыптастыру, қолдап отыру, жүйелік-техникалық қызмет көрсету, интеграциялау және оның ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

4-3) білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілеріне қойылатын ең төмен талаптарды әзірлейді және бекітеді;"

5-2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5-2) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін жалпы білім беретін пәндер циклінің немесе модулінің үлгілік оқу бағдарламаларын әзірлейді және бекітеді;"

мынадай мазмұндағы 5-3) тармақшамен толықтырылсын:

"5-3) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары іске асыратын білім беру

бағдарламаларының тізілімдерін жүргізу қағидаларын, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының тізілімдеріне енгізу және олардан алып тастау негіздерін әзірлейді және бекітеді";

6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"6) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлерінің үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламаларын әзірлейді және бекітеді";

8) тармақшаның жетінші және сегізінші абзацтары "бағыттары" деген сөзден кейін "және оқыту нысандары" деген сөздермен толықтырылсын;

14-3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"14-3) экстернат оқыту және онлайн-оқыту нысанында жол берілмейтін жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрлар даярлау бағыттарының тізбесін бекітеді";

мынадай мазмұндағы 19-5) тармақшамен толықтырылсын:

"19-5) мемлекеттік білім беру ұйымдары педагогтерінің оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді таңдау қағидаларын әзірлейді және бекітеді";

23-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"23-1) орта білім беру ұйымдары үшін жекелеген пәндер бойынша базалық оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді айқындайды және бекітеді";

23-2) және 23-3) тармақшалар алып тасталсын;

25) тармақша "қашықтан оқыту бойынша" деген сөздерден кейін "және жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша онлайн-оқыту нысанында" деген сөздермен толықтырылсын;

29-1) тармақша "тізбесін" деген сөзден кейін "және оларды іріктеу өлшемшарттарын" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 29-3), 29-4), 29-5), 46-25) және 46-26) тармақшалармен толықтырылсын:

"29-3) соңғы үш жылдағы жеңімпаздары мен жүлдегерлері (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған) жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына білім беру гранты беріле отырып қабылданатын, жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалардың және орындаушылардың халықаралық конкурстарының, спорттық жарыстардың тізбесін және оларды іріктеу өлшемшарттарын қалыптастырады және бекітеді;

29-4) жеңімпаздары, жүлдегерлері және оларды дайындаған педагогтер бюджет қаражаты есебінен біржолғы сыйақымен көтермеленетін жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалардың тізбесін қалыптастырады және бекітеді;

29-5) жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалардың жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне, оларды дайындаған педагогтерге біржолғы сыйақы

төлеу қағидаларын бекітеді, сондай-ақ жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалардың жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне, оларды дайындаған педагогтерге біржолғы сыйақы мөлшерін бекітеді;"

"46-25) орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

46-26) тиісті саланың уәкілетті органымен келісу бойынша баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидаларын әзірлейді және бекітеді;"

екінші бөліктегі "27)," деген цифрлардан кейін "29-3)," деген цифрлармен толықтырылсын;

3) 6-бапта:

2-тармақтың 24-6) тармақшасы алып тасталсын;

3-тармақтың 24-1) тармақшасы алып тасталсын;

4) 7-бап мынадай мазмұндағы 3 және 4-тармақтармен толықтырылсын:

"3. "Ұлттық білім беру дерекқоры" ақпараттық жүйесі білім беру саласындағы әкімшілік және өзге де деректерді жинауға, өңдеуге және талдауға, сондай-ақ басқа ақпараттандыру объектілерімен ақпараттық өзара іс-қимыл жасауды қамтамасыз етуге арналған.

4. Білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілеріндегі дербес деректерді жинау, өңдеу және қорғау Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.";

5) 14-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"Жұмыс оқу жоспарлары мен жұмыс оқу бағдарламаларын жалпы білім беретін пәндер циклінің немесе модулінің білім беру бағдарламалары мен үлгілік оқу бағдарламалары негізінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдар әзірлейді.";

6) 26-бапта:

3-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбе бойынша, жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалардың және орындаушылардың халықаралық конкурстарының, спорттық жарыстардың соңғы үш жылдағы жеңімпаздары мен жүлдегерлері (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған) өздері таңдаған мамандығы олимпиаданың, конкурстың немесе спорттық жарыстың пәніне сәйкес келген жағдайда, өздерінің өтініштері негізінде жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына білім беру гранты беріле отырып қабылданады.";

5-тармақтың 3) тармақшасындағы "тізбесін" деген сөз "осы баптың 3-тармағының екінші бөлігінде аталған адамдарды қоспағанда, тізбесін" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 27-баптағы "сырттай оқыту және экстернат" деген сөздер "сырттай оқыту, онлайн-оқыту және экстернат" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 35-баптың 2-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқыту күндізгі оқыту және (немесе) онлайн-оқыту және (немесе) экстернат нысандарында жүзеге асырылады.";

9) 36-баптың 1-тармағының екінші бөлігіндегі "күндізгі оқу нысанында" деген сөздер "күндізгі оқыту және (немесе) онлайн-оқыту нысандарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 37-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Білім беру ұйымдары басшы кадрларының, педагогтерінің біліктілігін арттыру үш жылда бір реттен сиретпей және ғылыми қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бес жылда бір реттен сиретпей жүзеге асырылады.";

11) 40-баптың 2-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) лицензиялауды талап ететін білім беру қызметінің кіші түрлері үшін – егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алған кезден бастап туындайды және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен лицензиядан және (немесе) лицензияға қосымшадан айыру немесе оларды жарамсыз деп тану туралы сот шешімі не білім беру саласындағы уәкілетті органның лицензиядан және (немесе) лицензияға қосымшадан айыру туралы шешімі заңды күшіне енген кезден бастап тоқтатылады;"

12) 42-бапта:

2-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына осы тармақтың бірінші бөлігінің талабы қолданылмайды.";

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы білім беру қызметімен айналысуға лицензиясынан және (немесе) лицензияға қосымшасынан айырылған (кері қайтарып алынған), қолданысы тоқтатылған немесе ол таратылған жағдайларда, оның құрылтайшысы (құрылтайшылары) лицензиядан және (немесе) лицензияға қосымшадан айыру (кері қайтарып алу), қолданысын тоқтату туралы шешім қабылданған кезден бастап екі ай ішінде:

1) білім алушыларды оқуын жалғастыру үшін басқа жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына ауыстыруды және олардың жеке істерін беруді;

2) білім алуын аяқтамаған немесе қорытынды аттестаттаудан өтпеген адамдардың жеке істерін, сондай-ақ алдыңғы жылдары білім беру ұйымында оқуын аяқтаған адамдардың жеке істерін және білім туралы құжаттарының көшірмелерін тиісті мемлекеттік архивке беруді қамтамасыз етеді.";

13) 43-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы 2-5) тармақшамен толықтырылсын:

"2-5) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту;"

14) 57-бапта:

1-тармақ "қызметі" деген сөзден кейін "осы Заңға және" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақта:

екінші бөліктегі "біліктіліктер бойынша, әскери, арнаулы оқу орындары үшін мамандықтардың топтары бойынша шифр, атауы, оқыту мерзімі" деген сөздер "әскери, арнаулы оқу орындары үшін мамандықтардың топтары бойынша шифр, атауы" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөлік "бағыттары" деген сөзден кейін "және оқыту нысандары" деген сөздермен толықтырылсын;

төртінші бөлік:

"бағыттары" деген сөзден кейін "және оқыту нысандары" деген сөздермен толықтырылсын;

"коды" деген сөзден кейін ", қолданылу мерзімі (осы баптың 3-1-тармағы қолданысқа енгізілген кезге дейін берілген лицензия қосымшасын қоспағанда)" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Лицензиар білім беру қызметімен айналысуға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру, тоқтату, сондай-ақ осы баптың 3-1-тармағының төртінші, бесінші және алтыншы бөліктерінде көзделген жағдайларда білім беру қызметімен айналысуға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу мәселелерін алқалы және жария қарау үшін консультативтік-кеңесші орган құрады.";

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Білім беру қызметімен айналысуға лицензиялар және (немесе) лицензияға қосымшалар бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін, сондай-ақ Сот төрелігі академиясы, әскери, арнаулы оқу орындары үшін олардың қолданылу мерзімі шектелмей беріледі.

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім беру қызметімен айналысуға лицензиялар және (немесе) лицензияға қосымшалар бес жыл қолданылу мерзімімен беріледі.

Лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның қолданылу мерзімі берілген күнінен бастап есептеледі.

Лицензиат лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін олардың қолданылу мерзімі өткенге дейінгі төрт айдан ерте емес, бірақ отыз жұмыс күнінен кешіктірмей мыналармен қоса өтініш береді:

1) "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 33-бабының 3-тармағында көзделген құжаттар;

2) білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы мәліметтер мен құжаттар.

Лицензиар өтініш берушінің құжаттары тіркелген күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде:

1) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының лицензиясын және (немесе) лицензияға қосымшасын қайта ресімдеу туралы өтінішті қарайды;

2) білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігіне рұқсаттық бақылауды жүзеге асырады;

3) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының лицензиясын және (немесе) лицензияға қосымшасын қайта ресімдейді не оларды қайта ресімдеуден бас тартады.

Лицензиар білім беру қызметімен айналысуға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны мынадай негіздер бойынша қайта ресімдеуден бас тартады:

1) осы тармақтың төртінші бөлігі талабының сақталмауы не құжаттардың тиісінше ресімделмеуі;

2) өтініш берушінің білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына сай келмеуі.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Лицензиардың білім беру қызметімен айналысуға лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның қолданысын Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген тәртіппен алты айға дейінгі мерзімге тоқтата тұруға құқығы бар.

Білім беру қызметімен айналысуға лицензияның (және) немесе лицензияға қосымшаның қолданысы тоқтатыла тұрған кезеңде лицензиат:

1) оқу процесін жалғастырады;

2) білім туралы құжатты бере отырып, оқытудың оқу жылын аяқтайды;

3) білім беру қызметімен айналысуға лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның қолданысын тоқтата тұруға алып келген бұзушылықтарды жояды.

Білім беру қызметімен айналысуға лицензияның (және) немесе лицензияға қосымшаның қолданысы тоқтатыла тұрған кезде лицензиат:

1) мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруға арналған конкурсқа қатысуға;

2) білім беру қызметімен айналысуға лицензиясымен және (немесе) лицензияға қосымшасымен әрекеттер жасауға (білім беру қызметімен айналысуға лицензиясын тоқтату, қайта ресімдеу, тоқтатыла тұрғанына жаңа қосымшалар алу);

3) оқуға, оның ішінде басқа білім беру ұйымдарынан ауыстыру және қалпына келтіру арқылы қабылдауды жүзеге асыруға құқылы емес.";

15) 67-1-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның осы Заңның 57-бабы 3-1-тармағының екінші бөлігінде белгіленген қолданылу мерзімі осы норма қолданысқа енгізілген кезге дейін жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына берілген лицензияға және (немесе) лицензияға қосымшаға қолданылмайды."

9. "Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы" 2008 жылғы 29 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

16-баптың 3-тармағы бірінші бөлігінің 6) тармақшасындағы "өтуге міндетті." деген сөздер "өтуге;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 7) және 8) тармақшалармен толықтырылсын:

"7) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету бойынша жеке жоспар жасауға;

8) денсаулық сақтау және білім беру саласындағы уәкілетті органдармен келісу бойынша халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті орган бекітетін кәсіптік мінез-құлық әдебі нормаларын сақтауға міндетті."

10. "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 33-баптың 8-тармағындағы "Егер" деген сөз "Осы баптың 1-тармағы бірінші бөлігінің 7) тармақшасында көрсетілген жағдайда білім беру қызметімен айналысуға лицензиялар және (немесе) лицензияларға қосымшалар "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 57-бабының 3-1-тармағында көзделген мерзімде қайта ресімделетін жағдайды қоспағанда, егер" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 36-бап мынадай мазмұндағы 7-тармақпен толықтырылсын:

"7. Білім беру саласындағы қызметпен айналысу құқығына лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны берудің және қайта ресімдеудің ерекше шарттары "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңында айқындалады.

Лицензияға қосымшада лицензия берудің ерекше шарттары ретінде қолданылу мерзімі көрсетіледі.";

3) 1-қосымшаның 3-жолы мынадай редакцияда жазылсын:

"

		1. Бастауыш білім беру.	И е л і к т е н шығарылмайтын; 1-сынып
		2. Негізгі орта білім беру.	И е л і к т е н шығарылмайтын; 1-сынып
		3. Жалпы орта білім беру.	И е л і к т е н шығарылмайтын; 1-сынып
		4. Біліктіліктері бойынша , әскери, арнаулы оқу	

3.	Білім беру қызметімен айналысуға лицензия	орындары үшін мамандық топтары бойынша техникалық және кәсіптік білім беру.	И е л і к т е н шығарылмайтын; 1-сынып
		5. Біліктіліктері бойынша , әскери, арнаулы оқу орындары үшін мамандық топтары бойынша орта білімнен кейінгі білім беру.	И е л і к т е н шығарылмайтын; 1-сынып
		6. Кадрларды даярлау бағыттары және оқыту нысандары бойынша жоғары білім беру.	И е л і к т е н шығарылмайтын; қолданылу мерзімі 5 жыл (әскери, арнаулы оқу орындарына берілген, сондай-ақ "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 57-бабының 3-1 -тармағы қолданысқа енгізілгенге дейін жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына берілген лицензияларды және (немесе) лицензияға қосымшаларды қоспағанда); 1-сынып
		7. Кадрларды даярлау бағыттары және оқыту нысандары бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру.	И е л і к т е н шығарылмайтын; қолданылу мерзімі 5 жыл (Сот төрелігі академиясына, әскери, арнаулы оқу орындарына берілген, сондай-ақ " Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5 7-бабының 3-1-тармағы қолданысқа енгізілгенге дейін жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына берілген лицензияларды және (немесе) лицензияға қосымшаларды қоспағанда); 1-сынып
		8. Діни білім беру.	И е л і к т е н шығарылмайтын; 1-сынып

11. "Ақпараттандыру туралы" 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1-бап мынадай мазмұндағы 47-2) және 51-1) тармақшалармен толықтырылсын:

"47-2) лездік хабарлар алмасу сервисі – қаржылық көрсетілетін қызметтерді ұсынуға және электрондық коммерцияға арналған бағдарламалық қамтылымды қоспағанда, лездік хабарлар алмасуға не оларды нақты айқындалған тұлғаға (тұлғаларға) телекоммуникация желілерін пайдалана отырып нақты уақыт режимінде беруге арналған және (немесе) сол үшін пайдаланушылар қолданатын бағдарламалық қамтылым;"

"51-1) онлайн-платформа – қаржылық көрсетілетін қызметтерді ұсынуға және электрондық коммерцияға арналған интернет-ресурсты және (немесе) лездік хабарлар алмасу сервисін қоспағанда, белгілерді және (немесе) сигналдарды және (немесе) дауыстық ақпаратты және (немесе) жазбаша мәтінді және (немесе) кескінді және (немесе) дыбыстарды және (немесе) хабарларды орналастыру, қабылдау және (немесе) нақты айқындалған немесе айқындалмаған тұлғалар тобына беру арқылы пайдаланушының өзі жасаған дербес парақшасы арқылы ақпарат таратуына арналған интернет-ресурс және (немесе) лездік хабарлар алмасу сервисі;"

2) мынадай мазмұндағы 18-2-баппен толықтырылсын:

"18-2-бап. Қазақстан Республикасының аумағында шетелдік онлайн-платформаның және лездік хабарлар алмасу сервисінің қызметі

1. Бір ай ішіндегі орташа тәуліктік қолжетімділігі Қазақстан Республикасының аумағындағы бір жүз мыңнан астам пайдаланушыны құрайтын шетелдік онлайн-платформаның және (немесе) лездік хабарлар алмасу сервисінің меншік иелері және (немесе) өзге де заңды өкілдері Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыру үшін бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы уәкілетті органмен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі өзінің заңды өкілін тағайындайды.

Осы тармақтың бірінші бөлігі хабарлар алмасу бойынша корпоративішілік сервистердің, электрондық пошта қызметтерінің функцияларын жүзеге асыратын лездік хабарлар алмасу сервистеріне қолданылмайды.

2. Бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы уәкілетті орган шетелдік онлайн-платформалардың және (немесе) лездік хабарлар алмасу сервистерінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы уәкілетті органмен өзара іс-қимылды жүзеге асыратын заңды өкілдерінің тізілімін бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіпке сәйкес жүргізеді.

3. Қазақстан Республикасының аумағында Интернетте қызметін жүзеге асыратын онлайн-платформа немесе лездік хабарлар алмасу сервисі Интернетте осы ресурсты пайдаланушылардың санын айқындау үшін бағдарлама орнатуға міндетті.

4. Бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы уәкілетті орган:

1) онлайн-платформаны немесе лездік хабарлар алмасу сервисін пайдаланушылардың саны туралы мәліметтерді тексеру мақсатында онлайн-платформадан немесе лездік хабарлар алмасу сервисінен бір тәуліктегі пайдаланушылардың саны туралы ақпаратты сұратуға;

2) онлайн-платформа немесе лездік хабарлар алмасу сервисі Интернетте ақпараттық ресурсты пайдаланушылардың санын айқындауға арналған бағдарламаны орнатпаған жағдайда оларды пайдаланушылардың санын өз ресурстарымен айқындауға құқылы.

5. Шетелдік онлайн-платформаның бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы уәкілетті органмен өзара іс-қимылды жүзеге асыратын заңды өкілі уәкілетті органның нұсқамасын алғаннан кейін жиырма төрт сағат ішінде балаға қатысты кибербуллинг деп танылған ақпаратты жою жөнінде шаралар қабылдауға міндетті.

6. Шетелдік онлайн-платформаның және (немесе) лездік хабарлар алмасу сервисінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы уәкілетті органмен өзара іс-қимылды жүзеге асыратын заңды өкілі соттардың заңды күшіне енген шешімдерінің орындалуын, "Байланыс туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 41-1-бабында белгіленген мемлекеттік органдардың нұсқамаларын, ұсынуларын, хабарламаларын немесе шешімдерін қабылдауды, қарауды және олар бойынша шаралар қабылдауды қамтамасыз етеді."

3) 35-баптың 7-тармағы "орынбасарларының" деген сөзден кейін "бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы" деген сөздермен толықтырылсын;

4) 66-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Бір ай ішіндегі орташа тәуліктік қолжетімділігі Қазақстан Республикасының аумағындағы бір жүз мыңнан астам пайдаланушыны құрайтын шетелдік онлайн-платформаның және (немесе) лездік хабарлар алмасу сервисінің меншік иелері және (немесе) өзге де заңды өкілдері осы Заңның 18-2-бабы қолданысқа енгізілгеннен кейін алты ай ішінде бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы уәкілетті органмен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі өзінің заңды өкілін тағайындауға міндетті.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде белгіленген талап сақталмай, шетелдік онлайн-платформа немесе лездік хабарлар алмасу сервисі қызметінің жүзеге асырылуы жалғастырылған жағдайда, бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында олардың қызметіне шектеу қоюға құқылы."

12. "Педагог мәртебесі туралы" 2019 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 7-баптың 1-тармағының 12) тармақшасындағы "бес жылда" деген сөздер "үш жылда" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 9-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тізбе бойынша жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалардың жеңімпазын, жүлдегерін

дайындаған педагог "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бюджет қаражаты есебінен біржолғы сыйақымен көтермеленеді."

2-бап.

Осы Заң:

1) алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізілетін 1-баптың 6-тармағы 2) тармақшасының бесінші, сегізінші, оныншы, он бірінші, он төртінші, он бесінші, он алтыншы және он жетінші абзацтарын , 8-тармағының 5), 13) тармақшаларын, 14) тармақшасының бесінші, алтыншы, жетінші , сегізінші, он бірінші, он екінші, он үшінші, он төртінші, он бесінші, он алтыншы, он жетінші, он сегізінші, он тоғызыншы, жиырма бірінші, жиырма екінші, жиырма үшінші, жиырма төртінші абзацтарын, 10-тармағының 2 және 3) тармақшаларын, 11-тармағының 2) тармақшасын;

2) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне тиісті өзгерістер мен толықтырулар қолданысқа енгізілген күннен кейін қолданысқа енгізілетін 1-баптың 8-тармағының 12) тармақшасын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Қ. ТОҚАЕВ